

Әуликөл ауданы бойынша шетелдіктер үшін 2026 жылға туристік жарна мөлшерлемелерін бекіту туралы

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2025 жылғы 12 қарашадағы № 358 шешімі

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 2-10-тармағына, "Шетелдіктер үшін туристік жарнаны төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2023 жылғы 14 шілдедегі № 181 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 33110 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әуликөл ауданындағы хостелдерді, қонақжайларды, жалға берілетін тұрғын үйлерді қоспағанда, туристерді орналастыру орындарында шетелдіктер үшін 2026 жылға арналған туристік жарна мөлшерлемелері болу құнының 0 (нөл) пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың төрағасы

Д. Қойшыбаев